

"Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2010-2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 8 сәуірдегі № 140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 04 қарашадағы N 385 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылы 24 қарашада N 2088 тіркелді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзін басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2010 - 2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 8 сәуірдегі № 140 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2068 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2010 жылғы 13 мамырда № 80-81 (7724) жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулының қосымшасында:
«Маңғыстау политехникалық колледжі» МКҚК» 7 - тармағындағы:

«

1201000 Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету: 120112 3 Техник-механик	25	9 сынып	қазақша	3 жыл 10 ай
---	----	---------	---------	-------------

»

деген жолдағы «25» деген сандар «50» деген сандармен ауыстырылсын;
«Жиыны» деген жолдағы «400» деген сандар «425» деген сандармен ауыстырылсын

;

«Маңғыстау политехникалық колледжінің Форт-Шевченколық филиалы» 8 - тармағындағы:

«

1201000 Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету: 120112 3 Техник-механик	25	9 сынып	қазақша	3 жыл 10 ай
---	----	---------	---------	-------------

»

деген жол алынып тасталсын;
«Жиыны» деген жолдағы «100» деген сандар «75» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Б. Жұмашевқа

ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Маңғыстау облысы білім
басқармасының басқарма
бастығының уақытша
міндетін атқарушы
Е . К . Ө м і р з а қ

04 қараша 2010ж.

Маңғыстау облысы
жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының бастығы
Г . М . Қ а л м ұ р а т о в а

04 қараша 2010ж.

Маңғыстау облысы
кәсіпкерлік және өнеркәсіп
басқармасының бастығы
Л . О . О л ж а б а е в а

04 қараша 2010ж.

Маңғыстау облысы қаржы
басқармасының бастығы
М . Б . Ә л і б е к о в а

04 қараша 2010ж.

Маңғыстау облысы экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының бастығы
Х . Х . Н ұ р ғ а л и е в а

04 қараша 2010ж.